

Акционерлік қоғамның аффилиирленген тұлғалары жөніндегі мәліметтерді ұсыну туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 шілдедегі N 272 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3819. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 171 Қаулысымен.

Ескерту Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 4-тармағына, Банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 74 қаулысымен .

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Акционерлік қоғамдар (тұрақтандыру банкін қоспағанда) өздерінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін Агенттікке ұ с ы н с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05. N 178 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

2. Акционерлік қоғам аффилиирленген тұлғалардың тізімін қағаз және электронды тасымалдаушысында (Excel-файл электронды кестелер) ілеспе хатпен тиісті есепті жылдың 31 қаңтардағы, 30 сәуірдегі, 31 шілдедегі және 31 қазандағы мерзімінен кешіктірмей есепті жылдың 1 қаңтардағы, 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдай бойынша ұсынады.

3. Агенттік қоғамның аффилиирленген тұлғалары жөніндегі ақпаратты оны Агенттіктің ресми web-сайтында орналастыру арқылы не мүдделі тұлғалардың с ұ р а т у ы б о й ы н ш а ж а р и я е т е д і .

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа

е н е д і .

5. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, сауда-саттықты ұйымдастырушыға жіберсін.

6. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау
агенттігінің Басқармасының
2005 жылғы 30 шілдедегі

N 272 қаулысына қосымшасы

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 74 қаулысымен .

" _____ " _____ аффилиирленген тұлғаларының тізімі		акционерлік	қоғамының		
Эмиссиялық бағалы қағаздарының мемлекеттік тізілім деректеріне сәйкес жарияланған акциялар шығаралымының мемлекеттік тіркеу және/немесе жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыру күні мен нөмірі		Аффилиирленген ұсынылатын күні	тұлғалардың	тізілімі	
Жеке тұлғалар					
N	А т ы - ж ө н і , т е г і (б а р	Туған күні*	Аффилиирленгендігін	Аффилиирленгендігінің	Ескерту

	болған жағдай-да)		тану үшін негіздеме**	пайда болған күні*	
1	2	3	4	5	6
Заңды тұлғалар					
N	Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, заңды тұлғаның почта мекен-жайы және нақты орналасқан орны*	Аффилиирленгендігін тану үшін негіздеме**	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні*	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Басшының/орынбасарының қолы _____ Басшының аты-жөні
(қоғамның мөрімен бекітілген)

* Күндер айы/күні/жылы форматта толық санмен толтырылады, қоғамның акционерлері және лауазымды тұлғалары қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен ұсынылған мәліметтер негізінде айқындалады.

** "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының тиісті тармақшасына, Банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-1-бабына (екінші деңгейдегі банктер үшін) сілтеме жасау қажет.